

Әкімдіктің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 62 "Үгіт материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 544 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 желтоқсанда № 9-3-156 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 162 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 14.05.2020 № 162 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағын орындау үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру мақсатында және сайлау өткізуге байланысты, Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арқалық қаласы әкімдігінің "Үгіт материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2011 жылғы 17 ақпандағы № 62 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-3-142 тіркелген, 2011 жылғы 23 ақпандағы № 7 (340) "Арқалық хабары" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы "үгіт" деген сөзден кейін "баспа" деген сөзбен толықтырылсын;
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28- бабының 6-тармағына сәйкес үгіттік баспа материалдарын орналастыру мақсатында және сайлау өткізуге байланысты, Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін мынадай орындар белгіленсін:".

2. Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н. Шалдыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Т. Төлеубаев

КЕЛІСІЛДІ:

Арқалық қалалық
аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы
_____ Ш. Тасмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК